



БЕКІТЕМІН

Каратай құрылыш-техникалық

колледжінің директоры

Түменбаев Д.К.

2023 жыл

Қаратай құрылыш-техникалық колледжінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі ереже

1 - тарау. Жалпы ережелер

Қаратай құрылыш-техникалық колледжінде (бұдан әрі - колледж) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі ереже (бұдан әрі - ереже) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленіп, Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасы А. Ж. Шпекбаевпен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде жасалынды.

Ереженің мақсаты- колледж қызметінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру.

2 -тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті (бұдан әрі - сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет) жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына және колледждің ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысының негізгі мақсаты колледждің және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2) «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін Занға сәйкес тиімді іске асыру.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алынады:

1) колледж басшылығының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мұddeлілігі;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

3) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау жүйелілігі;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысының ақпараттық ашықтығы;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

3 - тарау. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

4. Колледждің құрылымдық бөлімшесіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүктеу туралы шешімді колледж басшысы қабылдайды.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы тиісті акт колледждің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және ұйымның барлық жұмыскерлерінің назарына жеткізіледі.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыруға тартылған кәсіпорын жұмыскерлерінің санын ұйымның штат санына байланысты сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары мен міндеттерін тиімді орындау үшін қажетті мөлшерде айқынрайтады.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің алқалы органға немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы нормаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген өзге де адамға есеп беруін қамтамасыз етеді.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмыскерінің функционалдық міндеттемелерін, құқықтары мен жауапкершілігін оның лауазымдық нұсқаулығында не жұмыскерлердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқынрайтадын өзге де құжаттарда айқынрайтады.

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай функциялар жүктеледі:

1) колледже сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

3) мұдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

4) корпоративтік әдеп құныңдылықтарын дамыту;

5) кәсіпорын жұмыскерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ педагогикалық әдеп қағидаларының (ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 ж. Б.№150 бекітілген) сактауын бақылау;

6) «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандары №12 бүйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-коғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

7) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;

8) сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу;

9) колледж қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;

10) колледж қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;

11) колледж жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт таралтарының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік әдеп пен парасаттылықтың нормаларын, адаптациялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұратады.

9. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай құқықтар мен міндеттемелер беріледі :

1) ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде құрылымдық бөлімшелерден ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұратады;

2) олардың құзыретіне жататын мәселелерді колледж басшысының немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге тұлғаның (органның) қарауына шығаруға бастамашылық жасай алады;

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсken хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасай алады;

4) колледж туралы ақпараттың, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялышығын сактауға міндетті;

5) сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексін және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері

бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасызы етуге міндетті;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы кесіпорын басшысын және/немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге де адамды (органды) уақтылы хабардар етуге міндетті;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыра алады.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке азаматтар колледжде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың орын алған немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты хабарлай алатын, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізе алатын ақпарат арналары (мысалға, сенім телефоны немесе «қауырт желі») құрылады.

11. Сыйбайлас жемқорлық комплаенс-қызмет жұмыскері мұдделер қақтығысына (қаржылық, мүліктік, туыстық немесе өткізілетін іс-шара шенберінде қандай да бір өзге мұдделіліктің болуы) экеп соқтыруы мүмкін іс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және т.б.) қатыспауды міндettеледі.

12. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі ұйым жұмыскерлерін жұмысқа қабылданған сәттен бастап басқа лауазымға тағайындалған кезде, сондай-ақ біліктілігін арттырған кезде (жылына, кемінде, 1 рет) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарына жүйелі оқытуды қамтамасызы етуі керек.

Оқыту нысандарын өткізу әдістерін (дәрістер, семинарлар, тренингтер) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет дербес айқындайды.

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке сыйбайлас жемқорлықтан алдын ала сақтандыру жөнінде жүргізілген іс-шаралар бойынша есепті:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі есеп беретін адамға (органға), сондай-ақ колледж басшысына тоқсан сайын жолдауы;

2) жыл сайын есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне ұйымның ресми интернет-ресурсында орналастыруы міндетті.

14. Колледж сыйбайлас жемқорлықтан алдын ала сақтандыру бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы өзінің контрагенттерін, іскерлік әріптестерін, азаматтық қоғам институттарын тұрақты негізде хабардар етеді.